e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 14.07.2026
Сақтау күні 01.10.2026
Дата редакции 14.07.2026
Дата скачивания 01.10.2026

Қазақстан Республикасының Үкіметі (Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 673 қаулысы

Правительство Республики Казахстан (Премьер-Министр РК)

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидаларын бекіту туралы

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10-1-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға 1, 2-қосымшаларға (қызмет бабында пайдалану үшін) сәйкес Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі **С. Ахметов**

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 14.07.2026
Сақтау күні 01.10.2026
Дата редакции 14.07.2026
Дата скачивания 01.10.2026

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 2 шілдедегі
№ 673 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.09.2025 № 772 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-1-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) биометриялық сәйкестендіру – жеке басты физиологиялық және биологиялық өзгермейтін белгілері негізінде сәйкестендіретін шаралар кешені;

2) мемлекеттік тұрғын үй қоры – коммуналдық тұрғын үй қорына, мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорына не мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорына тиесілі және республикалық немесе коммуналдық мүлік құрамына кіретін тұрғынжайлар;

3) коммуналдық тұрғын үй қоры – тұрғын үйлерді пайдалануға беру жөніндегі арнайы мемлекеттік мекемеге бекітілген, жергілікті атқарушы органдардың қарауындағы тұрғын үйлер;

4) мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қоры – мемлекеттік кәсіпорынның қарауындағы тұрғын үйлер;

5) мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қоры – тұрғын үйлерді пайдалануға беру жөніндегі арнайы мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің қарауындағы тұрғын үйлер;

6) тұрғынжай – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға сай келетін жеке тұрғын үй бірлігі (дара тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме, модульдік (мобильді) тұрғын үй).

Модульдік (мобильді) тұрғын үй деп жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара бөлімшелерінде және өзге де жабық объектілерде орналасқан арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің тұруына арналған және пайдаланылатын объект түсініледі;

7) тұрғынжайды жекешелендіру – Заңға сәйкес жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген, өздері тұрып жатқан тұрғынжайларды меншігіне сатып алуы;

8) қызметтік тұрғынжай – мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан берілетін және өздерінің еңбек қатынастарының сипатына байланысты міндеттерін орындау кезеңінде, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерді ротациялау жүзеге асырылған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтарын қоныстандыруға арналған айрықша құқықтық режимі бар тұрғын үй;

9) қызметтік тұрғынжайға теңестірілген тұрғынжай – коммуналдық тұрғын үй қорынан мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, ғарышкерлікке кандидаттарға, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, қызметкерлеріне, сондай-ақ мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға немесе мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан осы мемлекеттік кәсіпорынның қызметкерлеріне берілетін тұрғын үй;

10) жатақхана – еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың, оқу кезеңінде студенттер (курсанттар, аспиранттар) мен оқушылардың, сондай-ақ

жатақхананың меншік иесімен немесе иесімен еңбек шарты бар басқа да адамдардың тұруы үшін арнайы салынған немесе қайта жабдықталған тұрғын ғимарат;

11) тұрғынжайдың қалдық құны – тұрғын үйдің табиғи тозуын шегергендегі тұрғын үйдің бастапқы құны;

12) өтініш беруші – осы Қағидаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды жекешелендіруге өтініш берген тұлға;

13) тұрғынжайды жалдау шарты – оған сәйкес жалдауға беруші жалдаушыға тұрғынжайды немесе оның бір бөлігін ақы төлеп пайдалану құқығын беретін шарт;

14) жалдаушы – тұрғынжайды жалдау шартындағы тұрғынжайды немесе оның бір бөлігін пайдалануға алушы тарап;

15) бюджеттік ұйымдар – мемлекеттік мекемелер және қазыналық кәсіпорындар;

16) ведомстволық тұрғынжай қоры – мемлекеттік мекемелердің теңгерімінде тұрған, тұрғын үй комиссиясының шешімі бойынша ауысу тәртібімен лауазымға тағайындалатын мемлекеттік қызметшілерге лауазымдық міндеттерін орындау кезеңінде тұру үшін одан әрі жекешелендіру құқығынсыз беруге арналған қызметтік тұрғынжайлар;

17) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы (бұдан әрі – тізілімінің веб-порталы) – Интернет желісінде www.e-qazyna.kz мекенжайы бойынша орналасқан, тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарттар бойынша цифрлық дерекқорға бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін интернет-ресурс;

18) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.03.2026 № 183 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың жұмыскерлері, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер,

мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар, егер олар мемлекеттік қызметте, мемлекеттік кәсіпорында немесе бюджеттік ұйымдарда (мемлекеттік сайланбалы қызметте болу мерзімін қоса алғанда) кемінде 10 (он) жыл (жиынтығында) жұмыс істесе, сондай-ақ егер еңбек қатынастары мынадай негіздер бойынша:

1) ұйымның таратылуы, қызметкерлер санының немесе штатының қысқартылуы бойынша;

2) одан әрі жұмыс істеуге кедергі келтіретін сырқатына байланысты;

3) зейнеткерлікке шығуына байланысты тоқтатылса, жұмыс істеген мерзіміне қарамастан, өздері тұратын қызметтік тұрғынжайларға теңестірілген тұрғынжайларды қалдық құны бойынша жекешелендіре алады.

Ғарыш қызметі саласында 15 (он бес) жылдан астам жұмыс өтілі бар ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер тұрғынжайды өтеусіз жекешелендіреді.

Қызметтік тұрғынжайға теңестірілген тұрғынжай берілген қызметкер қайтыс болған жағдайда жекешелендіру құқығы қайтыс болған (қаза тапқан) адамның жұмыс істеген мерзіміне қарамастан, қайтыс болған (қаза тапқан) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.

4. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің жұмыскерлері, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары мен судьялар, мемлекеттік қызметте, бюджеттік ұйымдарда, мемлекеттік кәсіпорындарда немесе судья лауазымында (мемлекеттік сайланбалы қызметте болған мерзімін қоса алғанда) кемінде 10 (он) жыл (жиынтығында) жұмыс істесе, сондай-ақ еңбек қатынастары мынадай:

1) ұйымның таратылуы, жұмыскерлер санының немесе штатының қысқартылуына;

2) одан әрі жұмыс істеуге кедергі келтіретін сырқатына;

3) зейнеткерлікке шығуына;

4) Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы лауазымында болу мерзімінің аяқталуына байланысты негіздер бойынша тоқтатылса, жұмыс істеген мерзіміне қарамастан, олар өздері тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайларды қалдық құны бойынша жекешелендіре алады.

Қызметтік тұрғынжай берілген жұмыскер қайтыс болған жағдайда жекешелендіру құқығы қайтыс болған (қаза тапқан) адамның жұмыс істеген мерзіміне қарамастан, қайтыс болған (қаза тапқан) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушы ретінде қызметтік тұрғынжай берілген Қазақстан Республикасының азаматтары мен қандастар қызметтік тұрғынжайда кемінде 5 (бес) жыл тұрған болса, олар өздері тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайларды қалдық құны бойынша жекешелендіре алады.

5. Еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен 10 (он) жыл және одан көп болған құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері немесе әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен немесе әскери қызметтен қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдар өздері тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайларға теңестірілген тұрғынжайларды немесе жекешелендіруге жататын қызметтік тұрғынжайларды қалдық құны бойынша жекешелендіруге құқылы.

Еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен 20 (жиырма) жыл және одан көп болған құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері немесе әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен немесе әскери қызметтен қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдар өздері тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайларға теңестірілген тұрғынжайларды немесе жекешелендіруге жататын қызметтік тұрғынжайларды өтеусіз жекешелендіруге құқылы.

Құқық қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен немесе әскери қызметтен шығарылған, осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде аталған, қызметтік тұрғынжайға теңестірілген немесе қызметтік тұрғынжай берілген адам қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда жекешелендіру құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.

Құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкері немесе әскери қызметші қызмет өткеру кезінде қаза болған (қайтыс болған) жағдайда аталған қаза болған (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелерінің осы Заңда белгіленген тәртіппен қызметтік тұрғынжайға теңестірілген тұрғынжайды немесе қызметтік тұрғынжай алуға және оны өтеусіз жекешелендіруге құқығы бар.

6. Бірнеше жалдаушы тұратын тұрғынжайды барлық жалдаушылардың және олардың кәмелетке толған отбасы мүшелерінің келісімімен ғана жекешелендіруге болады. Бұл жағдайда тұрғын үй барлық жалдаушылардың ортақ үлестік меншігіне өтеді.

7. Мыналар мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген, өздері тұрып жатқан тұрғынжайларды меншігіне өтеусіз алады:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері. Тұрғынжай берілген Ұлы Отан соғысының ардагері қайтыс болған жағдайда оны тегін алу құқығы оның отбасы мүшелеріне өтеді;

2) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;

3) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, басқа да радиациялық апаттар мен азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен оқу-жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар;

4) Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтары;

5) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, басқа кезеңдерде әскери қызметтің өзге де міндеттерін орындау кезінде жараланuы, контузия алуы, жарақат алуы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектігі бар адам деп танылған әскери қызметшілер;

6) Арал маңындағы экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтары;

7) мыналар:

еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен 20 (жиырма) жыл және одан көп болған;

еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен 10 (он) жыл және одан көп болған және жасына қарамастан мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды), оның ішінде бала кезінен мүгедектігі бар адамды (мүгедектігі бар адамдарды) асырап-бағып отырған әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ әскери қызметтен немесе құқық қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдар.

Әскери қызметтен немесе құқық қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен шығарылған, осы тармақшаның бірінші бөлігінде аталған, тұрғынжай берілген адам қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны өтеусіз жекешелендіру құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді;

8) өз-өзіне қол жұмсау (өз-өзіне қол жұмсауға дейін жеткізу жағдайларын қоспағанда), қылмыстық құқық бұзушылық жасау, алкогольдік, есірткілік, психотроптық, уытқұмарлық масаң күйді туғызатын заттарды (сол тектестерді) медициналық емес мақсатта тұтыну салдарынан қаза тапқанды (қайтыс болғанды) қоспағанда, еңбек сіңірген жылдарына қарамастан, қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшінің, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органы қызметкерінің отбасы мүшелері;

9) ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер. Тұрғын үй берілген ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны өтеусіз алу құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның мұрагерлеріне ауысады;

10) саяси қуғын-сүргіндер құрбандары, сондай-ақ «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ақталған, мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдар.

8. Коммуналдық тұрғын үй қорынан халықтың әлеуметтік осал топтарына берілетін тұрғынжайды жалдаушы Заңда көзделген шарттарда және осы

Қағидаларда айқындалатын тәртіппен қалдық құны бойынша жекешелендіре алады.

9. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды жалдаушы оны кәмелетке толған отбасы мүшелерінің келісімімен және кәмелетке толмағандардың құқықтарын ескере отырып жекешелендіреді.

10. Мыналар:

1) бөлек-бөлек жасалған жалдау шарттарына сәйкес бірнеше жалдаушыға жалға беріліп, осы жалдаушылардың бірі сатып алуды жүзеге асыруға келіспейтін болса;

2) уақытша құрылыстардағы;

3) белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және техникалық талаптарға сай келмейтін;

4) одан әрі тұруға жарамсыз болуына байланысты тұрғын емес үй-жайлар етіп қайта жабдықталуға тиіс;

5) жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, шекара бөлімшелерінің және өзге де жабық объектілердің аумағында орналасқан;

6) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің аумағында орналасқан;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан;

8) бұзылуға тиіс;

9) ауысу тәртібімен лауазымға тағайындалған мемлекеттік қызметшілерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңіне ведомстволық тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайлар жекешелендірілмейді.

Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдарға, оқу кезеңінде студенттерге (курсанттарға, кадеттерге, тыңдаушыларға, аспиранттарға) және оқушыларға берілген төсектік үлгідегі, сондай-ақ бөлме үлгісіндегі тұрғын үй-жайлар да жекешелендірілмейді.

11. Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген бір тұрғынжайды ғана жекешелендіруге құқылы, мұның тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруге қатысы жоқ, бұл тетік Қазақстан Республикасы азаматының

тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асыруынан бас тарту үшін негіз болмайды.

Негізгі жалдаушының отбасы мүшесінің бұрын жекешелендірілген тұрғынжайда елу пайыз немесе одан аз үлесінің болуы кейіннен оның мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асыруына кедергі болмайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Егер Қазақстан Республикасының азаматтары:

1) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында өзге тұрғынжайы болса, бұл ретте тұрғынжайда елу пайыздан кем үлесінің болуы есепке алынбайды;

2) Қазақстан Республикасының аумағында ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты бойынша міндеттемесі болса;

3) жекешелендіруге өтініш берген кезге дейін соңғы 5 (бес) жыл ішінде өздеріне меншік құқығында тиесілі болған тұрғынжайды иеліктен шығарса;

4) біржолғы тұрғын үй төлемдерін, ақшалай өтемақы алса немесе тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алу міндеттемелерін орындаса, олар мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды жекешелендіре алмайды.

2-тарау. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйді жекешелендіру тәртібі

13. Тұрғынжайды жекешелендіру туралы шешімді мыналар қабылдайды:

1) коммуналдық тұрғын үй қорынан – жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй комиссиялары;

2) мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан – мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй комиссиялары;

3) мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан – мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй комиссиялары.

Тұрғын үй комиссиялары туралы үлгі ережені тұрғын үй қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітеді.

14. Тұрғынжайды жекешелендіру осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша тұрғынжайды жекешелендіру туралы шартпен ресімделеді.

15. Тұрғынжайды жекешелендіру тәртібімен меншігіне алу үшін өтініш беруші Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 12 тамыздағы № 437 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23983 болып тіркелген) бекітілген «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру» мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қағидалардың (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қағидалар) талаптарына сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына не «цифрлық үкімет» веб-порталы арқылы тұрғын үй комиссиясының қарауына құжат тапсырады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.03.2026 № 183 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Өтініш беруші осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде тұрғын үй комиссиялары дауыс беру жолымен тұрғынжайды жекешелендіру туралы шешім қабылдайды немесе дәлелді бас тарту туралы шешім шығарады.

Құжаттар тұрғын үй комиссиясының қарауына «цифрлық үкімет» веб-порталы арқылы ұсынылған болса, тұрғын үй комиссиясының құрамы порталда қалыптастырылады.

Тұрғын үй комиссиялары дауыс беру және шешім қабылдау үшін тізілімнің веб-порталына кіруді ЭЦҚ-ны пайдалана отырып немесе жеке басын биометриялық сәйкестендіру арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.03.2026 № 183 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Тұрғын үй комиссиясы тұрғынжайды жекешелендіруден Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қағидаларда көрсетілген негіздер бойынша дәлелді бас тартады.

18. Тұрғын үй комиссиясы тұрғынжайды жекешелендіру туралы шешім шығарғаннан кейін тұрғынжайды беретін орган тұрғынжайдың қалдық құнын:

1) мемлекеттік мекемелер «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығына;

2) мемлекеттік кәсіпорындар Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес есептейді.

19. Жекешелендіру туралы шешім шығарылғаннан кейін тұрғынжайды мемлекеттік кәсіпорындар немесе мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік тұрғын үй қорынан коммуналдық меншікке беру «Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 4 тамыздағы № 75 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидаларына (бұдан әрі – Беру қағидалары) сәйкес беру туралы шешім шығарылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде тізілімнің веб-порталын пайдалану арқылы электрондық нысанда жүзеге асырылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.03.2026 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру туралы қабылданған шешім туралы және Беру қағидаларына сәйкес ресімделген мүлікті қабылдау-беру актісі (беру актісі) туралы мәліметтерді жұмыс органы тізілімнің веб-порталына тұрғынжайға құқықтар құқықтық кадастрда қайта тіркелген күннен бастап үш күндік мерзімде енгізеді.

21. Тұрғынжайды беретін орган жекешелендіруге жататын тұрғынжайды коммуналдық тұрғын үй қорына ауыстыруды жүзеге асырған кезде сонымен бір мезгілде өтініш берушіге төленуге тиіс сома көрсетілген тұрғынжайдың құны туралы анықтама беріледі.

22. Жекешелендіруге жататын тұрғынжай коммуналдық тұрғын үй қорына ауыстырылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы орган мен өтініш беруші арасында тізілімнің веб-порталында ЭЦҚ-ны пайдалана отырып немесе жеке басын биометриялық сәйкестендіру арқылы тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт жасалады.

Тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт жасасудан бас тартылған не оны белгіленген мерзімде жасамаған жағдайда бұрын республикалық меншіктен коммуналдық меншікке берілген тұрғынжай күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде республикалық меншікке қайтарылуға жатады.

23. Тізілімнің веб-порталы арқылы тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт жасалғаннан кейін, осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, өтініш беруші күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жергілікті бюджетке төленуге тиіс тұрғынжайдың құнын төлейді.

Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайларды, яғни еңсерілмейтін күш жағдайларын (дүлей апаттар немесе болжап білу немесе алдын алу мүмкін емес өзге жағдайлар), сондай-ақ ұрыс қимылдарын қоспағанда, көрсетілген мерзімде тұрғынжайдың құны төленбеген кезде жергілікті атқарушы орган тұрғынжайды жекешелендіру туралы шартты біржақты тәртіппен бұзады, оны бұзғанға дейін өтініш берушіні кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар етеді.

Тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт бұзылған кезде күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жергілікті атқарушы орган немесе мемлекеттік кәсіпорынның немесе мемлекеттік мекеменің әкімшілігі (жалға беруші) мен өтініш беруші (жалдаушы) арасында жазбаша нысанда мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдау (қосымша жалдау) шарты жасалады. Мұндай шарттар мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

24. Тұрғынжай меншікке өтеусіз алынған кезде төлем жүргізілмейді.

25. Тұрғынжайды жекешелендіретін өтініш берушілер тұрғынжайдың құнын бөліп төлей алады.

Қалдық құны 15 (он бес) миллион теңгеден аз тұрғынжай 10 (он) жылға дейінгі мерзімге бөліп төлеуге беріледі.

Қалдық құны 15 (он бес) миллион теңгеден асатын тұрғынжай 15 (он бес) жылға дейінгі мерзімге бөліп төлеуге беріледі.

Тұрғынжайды жекешелендіретін өтініш берушілер күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде тұрғынжайды жекешелендіру туралы шартта белгіленген тұрғынжай құнының кемінде 10 (он) пайызы мөлшерінде бастапқы жарна енгізеді.

Тұрғынжай құнын бөліп төлеу шарттары мен мерзімдері тұрғынжайды жекешелендіру туралы шартта көзделеді. Бөліп төлеуді ескергендегі төлемнің жалпы сомасы тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарттың ажырамас қосымшасы болып табылатын тұрғынжайдың құнын төлеу графигінде көрсетіледі.

Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайларды, яғни еңсерілмейтін күш жағдайларын (дүлей апаттар немесе болжап білу немесе алдын алу мүмкін емес өзге жағдайлар), сондай-ақ ұрыс қимылдарын қоспағанда, көрсетілген мерзімде тұрғынжайдың құны төленбеген кезде жергілікті атқарушы орган тұрғынжайды жекешелендіру туралы шартты біржақты тәртіппен бұзады, оны бұзғанға дейін өтініш берушіні кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар етеді.

Тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт бұзылған кезде күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жергілікті атқарушы орган немесе мемлекеттік кәсіпорынның немесе мемлекеттік мекеменің әкімшілігі (жалға беруші) және өтініш беруші (жалдаушы) арасында жазбаша нысанда мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдау (қосымша жалдау) шарты жасалады. Мұндай шарттар мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

Ескерту. 25-тармақтың орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Тұрғынжайды бөліп төлеу жолымен жекешелендіру туралы шешімді белгіленген тәртіппен алғаннан кейін өтініш берушінің жұмыс орнының өзгеруі

оның көрсетілген шешім бойынша тұрғынжайды жекешелендіру құқығын одан әрі іске асыруына әсерін тигізбейді.

27. Өтініш берушіден алынған төлемнің сомасы тұрғынжай құнының жартысынан артық болған жағдайды қоспағанда, өтініш беруші тұрғынжайды жекешелендіру туралы шартта көзделген төлем графигі бойынша тұрғынжайдың құнын 6 (алты) ай қатарынан төлемеген жағдайда жергілікті атқарушы орган тұрғынжайды жекешелендіру туралы шартты біржақты тәртіппен бұзады, оны бұзғанға дейін өтініш берушіні кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар етеді.

Тұрғынжайдың құнының жартысынан көбін төлеген өтініш беруші график бойынша тұрғынжай құнын 6 (алты) ай бойы төлемеген жағдайда жергілікті атқарушы орган тұрғынжайды жекешелендіру туралы шартты бұзбай, берешекті сот тәртібімен өндіріп алады.

28. Тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт өзінің бастамасы бойынша бұзылған кезде не төлем графигі бойынша тұрғынжай құны 6 (алты) ай қатарынан төленбеген жағдайда тұрғынжайдың құнын өтеу үшін енгізілген сома өтініш иесіне қайтарылады, одан тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт жасалып, ол бұзылғанға дейінгі уақыт аралығында мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлем сомасы шегеріледі. Бұл сома жеткіліксіз болған кезде өтініш иесі тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт жасалып, ол бұзылғанға дейінгі уақыт аралығында мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлем сомасындағы айырманы өтейді.

Өтініш берушімен тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт бұзылған кезде бұрын республикалық меншіктен коммуналдық меншікке берілген тұрғынжай күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде республикалық меншікке қайтарылады.

29. Тұрғынжайды жекешелендіру шарты екі данада жасалады, оның біреуі жергілікті атқарушы органда сақталады, екінші өтініш берушіге беріледі.

Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 14.07.2026
Сақтау күні 01.10.2026
Дата редакции 14.07.2026
Дата скачивания 01.10.2026

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан
берілетін тұрғын үйлерді
жекешелендіру қағидаларына
қосымша

Тұрғынжайды жекешелендіру туралы № ____ үлгі шарт

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.07.2026 № 615 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20__ жылғы «___» _____

_____

_____ (әкімшілік-аумақтық бірліктің және елді мекеннің атауы)

_____атынан

(жергілікті атқарушы органның атауы)

бұдан әрі «Меншік иесінің өкілі» деп аталатын _____

_____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

және бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын Қазақстан Республикасының азаматы_____

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

(бұдан әрі – «Тараптар» аталып) төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

1-тарау. Шарттың мәні

1.1. (Бұл тармақ тұрғынжайды оның құнын өтеп алған жағдайда толтырылады).

1) мына мекенжай бойынша орналасқан:

_____

_____

тұрғынжайға меншік құқығын Меншік иесінің өкілі береді, ал Сатып алушы және онымен үнемі бірге тұратын, оның ішінде уақытша тұрмайтын отбасы мүшелері_____

(отбасы мүшелерінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

оның құнын 20__ жылғы «___» _____ дейін төлейді (тұрғынжай құны бөліп төленген жағдайда төлем осы шартқа қосымшаға сәйкес тұрғынжай құнын төлеу графигі бойынша жүргізіледі) және оны бірлескен ортақ меншікке алады;

2) тұрғынжай:

жалпы ауданы _____ $м^2$, оның ішінде тұрғын ауданы _____ $м^2$, тұрғын емес ауданы _____$м^2$;

3) тұрғынжайды меншігіне алған соң кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіндегі үлес Сатып алушыға өтеді;

4) тұрғынжай құны _____ теңге сомасында деп белгіленеді;

(цифрлармен және жазумен)

5) Сатып алушы тұрғынжай құнын

_____ теңге сомасында

(цифрлармен және жазумен)

күнтізбелік отыз күн ішінде төлейді, бұл 20__ жылғы «__» _____ № ____

_____

(түбіртек, шот-фактура немесе төлем туралы чек)

құжатпен расталады не осы шартқа қосымшаға сәйкес тұрғынжай құнын төлеу графигі бойынша тұрғынжай құнын _____ жылға дейінгі мерзіммен бөліп төлейді;

6) тұрғынжайға меншік құқығы ол тіркеу органында тіркелген күнінен бастап туындайды.

Осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген тұрғынжай құнының толық

төленуі тұрғынжайға меншік құқығының туындауы үшін негіз болып табылады.

1.2. (Бұл тармақ тұрғынжай өтеусіз берілген жағдайда толтырылады).

1) мына мекенжай бойынша орналасқан:

_____ тұрғынжайға меншік құқығын Меншік иесінің өкілі береді, ал Сатып алушы және онымен үнемі бірге тұратын, оның ішінде уақытша тұрмайтын отбасы мүшелері

_____

(отбасы мүшелерінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

ортақ бірлескен жеке меншікке алады;

2) тұрғынжай:

жалпы ауданы _____ $м^2$, оның ішінде тұрғын ауданы _____ $м^2$, тұрғын емес ауданы _____ $м^2$;

3) тұрғынжайды меншігіне алған соң кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіндегі үлес Сатып алушыға өтеді;

4) тұрғынжай құны _____ теңге

(цифрлармен және жазумен)

сомасында белгіленеді;

5) тұрғынжайға меншік құқығы ол тіркеу органында тіркелген күнінен бастап пайда болады.

Осы Шартқа Тараптардың қол қоюы тұрғынжайға меншік құқығының пайда болуына негіз болып табылады.

2-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Меншік иесінің өкілі:

1) форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайларды, яғни еңсерілмейтін күш жағдайларын (дүлей апаттар немесе болжап білу немесе алдын алу мүмкін емес өзге жағдайлар), сондай-ақ ұрыс қимылдарын қоспағанда, өтініш беруші тұрғынжайдың құнын төлем графигі бойынша төлемеген жағдайда жергілікті атқарушы орган тұрғынжайды жекешелендіру туралы шартты біржақты тәртіппен бұзады, оны бұзғанға дейін өтініш берушіні кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар етеді;

2) осы шарт бойынша төлемнің уақтылы және толық аударылуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

2.2. Сатып алушы:

1) тұрғынжайдың толық құнын төлеп не тұрғынжайды оның құнын өтеп алатын болса, _____жыл мерзімге дейін бөліп төлеу арқылы жекешелендіруге; (бөліп төлеу мерзімі көрсетіледі)

2) тұрғынжай оның құны бөліп төлеу арқылы өтеліп алынатын болса, жекешелендірілетін тұрғынжай құнын мерзімінен бұрын өтеуге;

3) мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды пайдаланғаны үшін Меншік иесінің өкіліне тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт жасалған және ол бұзылғанға дейінгі уақыт аралығындағы төлем сомасын өтеп, өз бастамасымен осы шартты бұзуға құқылы.

2.3. Меншік иесінің өкілі:

1) осы шарт бойынша, оның ішінде _____ жылға дейін бөліп

(бөліп төлеу мерзімі)

төлеу тәртібімен тұрғынжай құнының төлемін қабылдауға;

2) тұрғынжайды жекешелендіру туралы тұрғынжай құнын бөліп төлеу көзделетін шарт бұзылатын болса, тұрғынжайды жекешелендіру туралы шарт жасалған және ол бұзылғанға дейінгі уақыт аралығында мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төленетін соманы шегеріп, тұрғынжай құнын өтеу үшін енгізілген соманы тұрғынжайды жекешелендіретін Қазақстан Республикасының азаматтарына қайтаруға;

3) тұрғынжайдың құны толық төленетін болса, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген, Сатып алушы тұрып жатқан тұрғынжайды оның меншігіне беруге (тұрғынжай оның құны өтеліп Сатып алынатын болса);

4) мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген, Сатып алушы тұрып жатқан тұрғынжайды оның меншігіне беруге (тұрғын үй өтеусіз алынатын болса) міндетті.

2.4. Сатып алушы:

1) тұрғынжайды оның құнын өтеп алған кезде тұрғынжай құнын күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлеуге;

2) тұрғынжайды оның құнын бөліп төлеу арқылы өтеп алған кезде күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде осы шартта белгіленген тұрғынжай құнының 10 (он) пайызынан кем болмайтын мөлшерде бастапқы жарна енгізуге, сондай-ақ осы шартқа қосымшаға сәйкес тұрғынжай құнын төлеу графигі бойынша тұрғынжай құнын төлеуге;

3) осы шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға бермеуге;

4) Меншік иесінің өкілі сұратқан кезде тұрғынжай құнының төленгенін растайтын құжаттарды ұсынуға;

5) тұрғынжайды өтеусіз алған кезде тұрғынжайды меншікке қабылдауға;

6) тұрғынжайды оның құнын өтеп алған кезде тұрғынжай құнын толық төлегеннен кейін тұрғынжайды меншігіне қабылдауға міндетті.

3-тарау. Басқа шарттар

3.1. Осы шарт Сатып алушы, Меншік иесінің өкілі үшін бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды және ол Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

4-тарау. Тараптардың деректемелері мен қолдары

Меншік иесінің өкілі Сатып алушы

_____ _____

_____ _____

_____ _____

(деректемелері) мөр орны (бар болса) (деректемелері)

Тұрғынжайды жекешелендіру
туралы шартқа
қосымша

Тұрғынжай құнын төлеу графигі

Р/с №	Төленетін сома (теңгемен)	Төлеудің тиісті мерзімі (күні, айы, жылы)	Төлеудің нақты мерзімі (төлемді растайтын түбіртектің немесе құжаттың нөмірін көрсетіп)
1		20 жылғы « » қаңтар	20 жылғы « » №
2		20 жылғы « » ақпан	20 жылғы « » №
3		20 жылғы « » наурыз	20 жылғы « » №

_____

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 14.07.2026
Сақтау күні 01.10.2026
Дата редакции 14.07.2026
Дата скачивания 01.10.2026

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 2 шілдедегі
№ 673 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Қазақ КСР мемлекеттік меншікті жекешелендірудің купондық тетігі туралы ережені іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 5 қарашадағы № 667 қаулысы.

2. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 24 қаңтардағы № 66 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1992 ж., № 3, 48-құжат).

3. «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан сатып алған тұрғын үйге азаматтардың меншік құқығын ресімдеу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 3 ақпандағы № 87 қаулысы.

4. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 шілдедегі № 610 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1992 ж., № 29, 431-құжат).

5. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 21 қазандағы № 1043 қаулысы.

6. «Мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру туралы ережеге толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қарашадағы № 1143 қаулысы.

7. «1992 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендірудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қаңтардағы № 2 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1994 ж., № 1, 4-құжат).

8. «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қаңтардағы № 2 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 қаңтардағы № 31 қаулысы.

9. «Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу, күші жойылған деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қаңтардағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., № 6, 26-құжат).

10. «Республикалық бюджет есебінен ұсталатын және Астана қаласына қоныс аударған мемлекеттік органның орталық аппараты қызметкерінің өзі тұрып жатқан қызметтікке теңестірілген тұрғын үйді сатып алу шартының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 маусымдағы № 592 қаулысы.

11. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 маусымдағы № 592 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 тамыздағы № 738 қаулысы.

12. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 маусымдағы № 592 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 тамыздағы № 810 қаулысы.

13. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 шілдедегі № 1173 және 1998 жылғы 24 маусымдағы № 592 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 қарашадағы № 1148 қаулысының 2-тармағы.

14. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 маусымдағы № 592 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 1317 қаулысы.

15. «Астана қаласына қоныс аударған мемлекеттік органдардың орталық аппараты қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 1316 қаулысы.

16. «Мемлекеттік тұрғын үй қорының жатақханаларындағы бөлмелік үлгідегі тұрғын үй-жайларды жекешелендіру мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 қазандағы № 1560 қаулысы.

17. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 28 шілдедегі № 421 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 сәуірдегі № 567 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2001 ж., № 15, 200-құжат).

18. «Астана қаласында орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер қызметкерлері үшін тұрғын үй салуға үлестік қатысуға және сатып алуға бөлінетін қаражатты пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы № 294 қаулысының 2-тармағының 4) тармақшасы.

Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 14.07.2026
Сақтау күні 01.10.2026
Дата редакции 14.07.2026
Дата скачивания 01.10.2026

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 2 шілдедегі
№ 673 қаулысына
2-қосымша

Қызмет бабында пайдалану
үшін